



## ► *Хирургиялық стоматология пропедевтикасы модулі*

*Тақырып: Оқу үлгілік сырқатнама.*

*Орындаған: Есенова А  
Тексерген: Төлеуов Қ.Т  
факультет: стоматология  
топ 401-1*

# Жоспары

- ▶ *Кіріспе:*
- ▶ *Негізгі бөлім:*
- ▶ *1. Төлқұжаттық бөлігін толтыру:*
- ▶ *2. Шағымы, Anamnesis morbi, Anamnesis vitae, St. Praesens, St. Locolis*
- ▶ *3. Диагностика әдістерін талдау,  
Емдеу жоспары*
- ▶ *4. Операция алды эпикриз Емдеу кезіндегі эпикриз, ақыл кеңес беру*
- ▶ *5. Қолданылған әдебиеттер*

# *1.Төлқұжаттық бөлігін толтыру:*

► *Аты – жөні: Нұрбекұлы Бекзат.*

*03.11.1989ж.*

*Ұлты: қазақ*

*Мамандығы: студент*

*Клинакаға түскен күні: 01.02.2012ж.*

*Мекен - жайы: Алматы обл, Райымбек ауданы, Байзақ көшесі 65үй.*

# Келіп түскен кездегі диагнозы

- ▶ Оң жақ төменгі жақ асты, қанатша төменгі жақ асты, жұтқыншақ маңы аймақтарының одонтогенді флегмонасы 4,8 тістен 1,02,2012

## Клиникалық диагнозы

- ▶ оң жақ төменгі жақ асты , қанатша төменгі жақ асты жұтқыншақ маңы аймақтарының одонтогенді флегмонасы 4,8 тістен 2,02,2012
- ▶ Негізгі ауруының асқынуы: жоқ
- ▶ Қосалқы аурулары: жоқ

## 2. Шағымы

- ▶ *Науқаста төменгі оң жақ бет аймағының ауру сезіміне, жақ астында ауыратын ісікке, жақ – бет аймағының ісінуіне, ауыру сезімінің мойын аймағына иррадиациялануына, ауыру сезімі ауызын ашқан уақытта өршуіне, жұтынуының қиындауына, солқылдап ауыруға, жалпы әлсіздікке.*

# Клиникасы

- ▶ Коллатералды домбығу күшейген, төменгі жақ сүйегі қимылында ауырсыну сезімі, II-III дәрежелі контрактура болады.
- ▶ Дене қызуы 38-39<sup>o</sup> көтеріліп, науқастың жалпы жағдайы нашарлайды. Төменгі жақ бұрышында тығыз, ауыратын инфильтрат пайда болады. Ауызды ашу одан әрі шектеледі.
- ▶ Дем алуы қиындайды, даусы қарлығады, міңгірлейді.
- ▶ Бет келбеті дөңгелектеніп ,көкшіл тартады
- ▶ Лимфа түйіндері үлкейген,
- ▶ Алдыңғы бет жүйесі және мойындырық венасының тромбозы болуы ықтимал.
- ▶ Ауыз қуысын тексергенде алдыңғы таңдай иінінің , қанатша жақ қатпарының шырышты қабығының инфильтрациясын көруге болады Венсан симптомы байқалуы мүмкін.

### *3. Anamnesis morbi*

- ▶ *Науқастың айтуы бойынша 4,8 тісінің ауырғанына байланысты стоматолог терапевтке барған. Дәрігер стоматолог тексерген кезде 4,8 – ші тіс маңында ісік бар екенін айтқан, кейіннен науқасты емдемей үйіне қайтарып жіберген. Нәтижесінде науқастың ісігі асқынып одонтогенді флегмонаға айналған. Науқас ауруханаға түсенге дейін еш жерге қаралмаған нәтижесінде науқаста интоксикация деңгейі жоғары.*

## 4. *Anamnesis vitae*

- ▶ *Бала кезінде профилактикалық егулерді уақытылы алған. <<Д>> - тіркеуде тұрмайды. Зиянды әдеттері жоқ, шылым тартпайды, спиртті ішімдіктер қабылдамайды. Тұрмыстық жағдайы орташа, отбасы құрмаған бойдақ. Ешқандай жұқпалы аурулармен ауырмаған. Ота жасалмаған, дәрілерге, тағамға аллергиясы жоқ.*



# 5. *St. praesens*

- ▶ *Науқастың жалпы жағдайы орташа ауырлықта, ақыл есі сақталған, тамаққа тәбеті онша емес, науқастың ұйқысы бұзылған.*
- ▶ *”COR” тондары анық ырғақты, жүректің қағу жиілігі қалыпты, жүрек тұсында ешқандай ауру сезімі жоқ (жүрек қан тамыр жүйесін зақымдануын тудыратын аурулармен ауырмаған).*
- ▶ *Өкпесінде визиккулярлық тыныс сырылдары жоқ, тыныс алуы аздап қиындаған, кеуде тұсының ауру сезімі жоқ, жөтел жоқ, ентігу байқалады, қанды қақырық жоқ*
- ▶ *АҚҚ 120/80, р/с 82, дене температурасы 37,5*
- ▶ *Сипап тексергенде іші жұмсақ, физиологиялық шығарылымдары қалыпты.*
- ▶ *Бүйрек, бауыр, жүйке жүйесі, эндокринді жүйелерінде дерттері жоқ*

# 6. *St. localis*

1. Бет – жақ аймағынан оң жақ төменгі жақ аймағының асимметриясы байқалады.
2. Тері жабындысының түсі ісінген аймағында қан кернеп қызарған, тері қатпарға жиналмайды, домбыққан.
3. Ісікті пальпациялағанда инфильтраттың ішінде флюктуация байқалады, шектелмеген.
4. Аймақтық лимфа түйіндерінің ұлғайған, сипап тексергенде ауру сезімі бар (Жақасты, құлақ маңы және мойындық).
5. Еріннің қызыл жиегі ашық қызыл түсті, құрғақ.
6. Самай төменгі жақ буын басының қозғалысында орташа ауру сезімі бар, сықыры жоқ.
7. Ауызды ашуы ауру сезмін тудырады, шектелген, аузын ашқанда бір жағына ығысады.
8. Ауыз қуысының кіре берісінің кілегей қабығы бозғылт қызыл түсті, біркелкі ылғалданған.
9. Үзбелердің жағдайы көлемі орта, жоғары және төменгі ерінге бекуі қалыпты.

10. Тіс доғасының пішіні парабола тәріздес орналасқан.
11. Тістерінің жағдайы: одонтогенді инфекция ошағы болып 4,8 – ші тісі екені анықталды, 2,7; 3,6; тістерінде тісжегі қуыстары орналасқан.
12. Пародонттың жағдайы қалыпты.
13. Тістемі тік тістемге сәйкес келеді.
14. Ауыз ақуысының кілегей қабығы қызыл түсті
15. Сілекей бездерінің шығару өзектерінің ұшы қызарған.
16. Тілінің түсі қызыл, қақсыз
17. Тіл үзбесі ұзындығы орташа, төмен бекіген.
18. Таңдай доғасының кілегей қабаты аздап қызарған
19. Жұмсақ таңдайдың иіндерінің , жұтқыншақтың бүйір қабырғасының домбығуы мен инфльтрациясы көрінеді.
20. Жұтқыншақ кішірейген
21. Таңдай бадамшалары ісінген,
22. Иек аймағының сезімталдығының бұзылуы

# 7. Диагностика әдістерін талдау.

## ► Қан анализі:

*Нь - 125*

*Эритроциттер -  $4,2 \cdot 10^{12}$  г/л*

*Лейкоцит –  $20 \cdot 10^9$  г/л*

*Қанның түстік крөсеткіші – 0,9*

*Ретикулоциттер – 50%*

*Тромбоциттер –  $180 \cdot 10^9$  г/л*

*ЭТЖ – 20мл/сағ.*

*Зерттеу жоспары*

*1.ЖҚА, ЖЗА*

*2 микрореакция.*

## 8. *Емдеу жоспары*

- *Төменгі жақ флегмонасын ашу,  
4,8 – ші тісін жұлу*
- *Десенсибилизациялық емді тағайындау*
- *Антибиотиктер*
- *Дезинтоксикациялық шара қолдану*
- *Антисептикалық іс – шара жүргізу*
- *Витаминотерапия*
- *Анальгетиктер тағайындау*
- *Ауыз қуысының гигиенасы*



## 9. Операция алды эпикриз Емдеу кезіндегі эпикриз

9. Операция алды эпикриз: Науқас Нұрбекұлы Бекзат жедел түрде 01.02.2012 жылы, Жақ – бет аймағы хирургиялық бөлімшесіне келіп түсті. Д/З: Оң жақ төменгі жақастының одитогенді флегмонасы себепші 4.8 тісі. Науқасқа жедел түрде жалпы жансыздандыру арқылы флегмонаны ашу және 4.8 тісті жұлу операциясы тағайындалды.

► *Емдеу кезіндегі эпикриз:*

*Флегмонаны ашу. Эндотрахеалды жансыздандыру арқылы оң жақ төменгі жақсүйегі денесінің қырынан 2 – 3см төмен, сүйек қырымен параллель етіп тері және теріасты қабатына ұзындығы 5см тілік жасалынды. Дозал жолменен теріасты жұмсақ тіндерін ысырып флегмона ашылды. Іріңді ошақты сұқ саусақпен ривизия жасағаннан кейін антисептикалық ерітінділермен жуылып шайылды. Іріңді ошаққа резиналы дренаж қалдырып жараға антисептикалық ерітінділермен таңғыш қойылды.*



# 10. Ақыл кеңес

- ▶ *Ауыз қуысының гигиенасын қатаң сақтауға, суыққа ұрынбауға, тағайындалған емді үзбей алуға, бұзылған тістерді емдетуге кеңес берілді.*

# Қолданылған әдебиеттер

